

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР МЕН ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕКТЕБІ

СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНДА ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН
№50 ОРТА ІТ-МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ АШЫЛДЫ.

БҮЛ - АБАЙ ОБЛЫСЫНДАҒЫ
ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРҒА
НЕГІЗДЕЛГЕН АЛҒАШҚЫ
ОҚУ ОРЫНДАРЫ-
НЫҢ БІРІ.



Мектеп толығымен аймақтағы түрлі әлеуметтік жобаларды белсенді жүзеге асырып жүрген KAZ Minerals Тобының қаржысына тұрғызылып, барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етілген. Оқу жылы басталып кеткенімен, жаңа білім ордасында алғашқы қоңырау енді соғылып, шәкірттерге есігін айқара ашты.

Мектептің ашылуы семейліктер үшін, әсіресе бұған дейін орта білім беретін оқу

орны болмаған Заря ықшам ауданының тұрғындары үшін қуанышты жаңалық болды. Енді мұнда 1200 оқушыны қабылдауға дайын су жаңа заманауи білім ұясы бар.

Мектептің артықшылығы оның жаңалығында ғана емес, шәкірттерге, жалпы пәндерден бөлек, ІТ негіздерінің үйретілетіндігінде. Бұл мақсат үшін жоба инвесторы KAZ Minerals Тобы лицейді барлық қажеттіліктермен жабдықтап, оқу орнын қауіпсіз,

Семей қаласында жалпы білім беретін №50 орта ІТ-мектеп-лицейі ашылды. Бұл - Абай облысындағы заманауи технологияларға негізделген алғашқы оқу орындарының бірі.

ыңғайлы, толығымен дайын күйінде пайдалануға берді. Жобаның жалпы құны 9 миллиард теңгеден асады, ал құрылысқа қазақстандық мердігерлер тартылып, отандық өндірушілердің өнімдері пайдаланылды.

Қажырлы еңбектің, мердігер ұжыммен және аймақтағы мемлекеттік органдармен өзара тиімді әріптестік орнатудың арқасында бұл жобаны өте қысқа мерзімде жүзеге асырудың сәті түсті. Оқушылардың қауіпсіз, қолайлы ортада білім алуы біз үшін аса маңызды. Мұнда озық үлгідегі информатика, роботехника кабинеттері, кең мәжіліс залы, асхана, спорт залдары мен ашық алаңдар бар. Сондай-ақ балалардың сабақтан тыс әңгімелесіп, шығармашылықпен айналысуына арналған нетворкинг аймағы жасақталған. Біз бұл мектептің ұлы Абай туған өлкеде білім беру деңгейін жаңа сатыға көтеріп, Семей қаласының мақтанышына айналарын сенеміз, - деп мәлімдеді KAZ Minerals Management басқарма төрағасы Эльдар Мамедов.

Жаңа білім ордасында 48 оқу кабинеті, 280 орындық мәжіліс залы және бір уақытта 420 адам сыятын асхана бар. Сонымен қатар бір үлкен спорт залы мен бастауыш мектеп оқушыларына арналған шағын ойын залы қарастырылған. Одан бөлек мектеп аумағында футбол, волейбол, баскетбол алаңдары мен жүгіруге арналған жол және оқушылардың білім алып, демалатын инфрақұрылымдық кешендері орналасқан. Ерекше қажеттіліктері бар балалар да ұмыт қалған жоқ. Лицейі ғимаратында пандус-

тар орнатылып, сыртта және іште тактильді жолдар салынып, екі лифт іске қосылған. Атқарылған жұмыстар нәтижесі мектеп ашылған күні облыс және қала басшылығына, бұқаралық ақпарат құралдары мен ата-аналарға кеңінен таныстырылды. Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранбаев жобаның жүзеге асырылуына жоғары баға бере келіп, оның аймақтағы білім беру саласын дамытудағы маңызды қадам екенін атап өтті.

Жаңа мектептің ашылуы ұстаздар, оқушылар мен ата-аналар үшін үлкен қуаныш болды. Мұнда сапалы білім алып, түрлі шығармашылық тәжірибе жасауға болады. Лицейіміз ІТ-сауаттылыққа үйреніп, армандаған кәсіпті таңдауға, бәсекеге қабілетті маманға айналуға көмектеседі. Біз өз ісінің шеберлерін, көшбасшылар мен патриоттарды тәрбиелейміз, - дейді №50 орта ІТ-мектеп-лицейі ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Асира Серікбаева.

Көптеген ата-ана ІТ-мектептің ашылуы туралы естігеннен балаларын осында оқытуға ниет білдірді. Себебі бұл Заря ықшам ауданы тұрғындары үшін қолайлылығынан бөлек, жас ұрпақтың алдында жаңа мүмкіндіктердің ашылатындығымен де маңызды.

Мен отбасымда екінші және бесінші сыныпта оқитын екі бала тәрбиелеп отырмын. Жаңа мектептің ашылуына қуануымның бірнеше себебі бар. Біріншіден, мектеп қос тілді. Бір балам орыс, екіншісі қазақ сыныбында оқиды. Енді әкеуі бір мектепке бара алады. Екіншіден, мектеп болашақта

барлық кәсіпке қажетті ІТ саласы тереңдетіп оқытады. Және ең бастысы - мұнда қауіпсіздікке баса көңіл бөлінген. Ғимаратта бейнебақылау және арнайы өткізу жүйесінің орнатылуы балалар үшін ақаңдамауға мүмкіндік береді, - дейді екінші сынып оқушысы Мадина Намазақова.

Мерекелік жиынға жиналған балалардың да қуанышында шек болмады. Жаңа ашылған мектепте білім алатын шәкірттер алда жаңа технология әлемі, жаңа білім мен керемет әсерлерге толы оқу жылы күтіп тұр.

Мектеп кең, бөрі жаңа, өте әдемі. Мен робот құрастырғанды ұнатам, ал мұнда тұтас робототехника кабинеті бар. Мұндай керемет мектепте оқып, дамитынымды мақтан етем, - дейді екінші сынып оқушысы Айбын Дүйсеханов.

ІТ-мектеп-лицейінің құрылысы KAZ Minerals Тобының әлеуметтік бастамаларын жүзеге асырудағы жаңа кезең. Компания бірнеше жыл бойы аймақтағы жоғары және орта білім беру мекемелерімен әріптестік орнату арқылы отандық білім беру саласына қолдау көрсетіп келеді. Жыл сайын талантты тұлғаларға гранттар бөлініп, Топтың кәсіпорындарында жабақысы төленетін кәсібі тәжірибеден өтуге мүмкіндік беріледі және жергілікті тұрғындарды жаңа кәсіпке баулу бағдарламалары жүзеге асырылуда. Жаңа мектептің ашылуы арқылы бұл процесс орта білім беру саласын да қамтыды деуге негіз бар.

София ЯНЦЕН

ӘЛЕУМЕТ

ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Абайоблысыәкімдігіндекөпбалалыжәнеазқамтылған отбасылардың мәселелерін шешуге арналған жұмыс тобының кезекті отырысы өтті.



Күн тәртібінде Семей қаласындағы №6 арнайы мектеп-интернатындағы абаттандыру және қайта жаңғырту жұмыстары, сондай-ақ тұрғын үй бағдарламасын жүзеге асыру, екінші ауысымда оқитын оқушыларды тасымалдауды ұйымдастыру мәселелері қаралды.

Бүгінде қала мен ауылдық округтердегі 20 мектепке оқушылар көлікпен тасымалданады. 2024-2025 оқу жылында шалғайдағы 41 елді мекеннен 1241 оқушы тасымалдануда, бұл өткен оқу жылына қарағанда 19 балаға көп. Тасымалдауға 24 көлік жұмылдырылса, оның 13-і мектептерге тиесілі, ал қалған 11-і жалға алынған.

Отырыс барысында ерекше қажеттіліктері бар балалардың сапалы білім алуына лайықты жағдай жасауға да ерекше назар аударылды. Облысымызда 4 арнайы мектеп-интернат жұмыс істейді, онда көру, есту, сөйлеу және ақыл-ой қабілетінде бұзылыстары бар 603 бала білім алууда. Оның ішінде 92 бала үйде білім алады.

Сондай білім ошақтарының бірі - 1963 жылы негізі қаланған Семей қаласындағы

№6 арнайы мектеп-интернаты. Қазір мұнда 251 оқушы, оның 167-сі мектепте, 84-і үйде білім алады. Мекеме балаларды бес мезгіл тегін тамақпен қамтамасыз етіп, қауіпсіз оқу ортасын қалыптастырып отыр. Ол үшін дыбыстық хабарландыру жүйесі мен 63 бейнекамера орнатылған.

2024 жылы мектеп-интернат 655,4 млн теңгеге қаржыландырылған. Сонымен қатар 2023 жылы «Қазақстан халқына» қоры бағдарламасы аясында материалдық-техникалық базаны нығайтуға 35 млн теңге бөлініп, мектепті жаңа интерактивті тақталармен, музыкалық және логопед кабинеттерімен жабдықтауға, асхана мен шеберханаларды жаңғыртуға мүмкіндік туғды.

Ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған мектептерде сапалы білім беруді қамтамасыз ету және материалдық-техникалық базаны нығайту Абай облысы әкімдігінің тұрақты бақылауында болады.

Абай облысы әкімдігінің баспасөз қызметі

РУХАНИЯТ

ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ

Жуырда Абай атындағы облыстық әмбебап кітапханасында қаламгер-журналист, Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары, ақын, «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Ғалым Қалибекұлымен кездесу кеші өтті.

Ай-Керім СӨРСЕНҚАЛИ,
«Semei tanu»

Аталған шараға әдебиет әлеміне қадам басып, ақындыққа талаптанған жастардан бастап, бүгінде аймаққа ғана емес, елге белгілі қара сөздің қаймағын қалқыған жыр жампоздары да жиылды.

Әдеби ортаның басын бір арнаға тоғыстырып, осынау кездесуді ұйымдастырып отырған ақын, Қазақстан Жазушылар Одағы Абай облысы филиалының төрағасы Мерей Қарт сахна төрінде сөз сөйлеп, шығармашылық бағыт жөніндегі ұсыныстарын ортаға салды. Аталмыш жүздесуде аймақтағы ақын-жазушыларымыздың ахуалы жөнінде әңгіме өрбіп, көрермендер көкейлерінде жүрген сауалдарын Мереке Әбдешұлына жолдады.

Сондай-ақ осы отырыста «Абай жолы» кітапханасы жобасы аясында жарыққа шыққан біршама кітаптар топтамасы қонақтар назарына ұсынылып, «Абай өңірінің ақын-жазушылары» тақыры-



бында кең көлемді кітап көрмесі жасақталды.

Бұл кездесудің тағы бір жаңалығы - Қазақстан Жазушылар Одағының мүшелігіне жерлесіміз, жас ақын Жақсылық Асқарбек қабылданды. Кездесуге келген басқа да ақындар жүрекжарды жырларын жарыса оқып, көпшіліктен өз бағасын алды. Аға буын поэзиялық

туындылардың көркемдік талғамын таразыға салып, құрлымы мен мағынасына баса назар аударды. Жас ақындардың қалыптасып, шығармашылық тұрғыда өрлеуіне осындай игі шаралардың септігі мол болмақ деген ниетпен, әдеби - мәдени шаралар легін ұйымдастыру алдағы уақытта да басты назарға алынбақ.

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН

Ел экономикасының негізгі буыны саналатын ауыл шаруашылығын тұрақты түрде дамыту қай кезде де мемлекеттің басты назарында. Бұл ретте Мемлекет басшысы тапсырмасы бойынша ауыл шаруашылығын алдағы бес жыл ішінде дамудың жаңа белесіне шығару қажет.

«АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫ ЕЛ ҰРЫСЫНА АЙНАЛДЫ

Әлібек КЕМЕЛХАН,
«Semei tanu»

Соның ішінде ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемін екі есе арттыру жөнінде міндет жүктелгені, ол үшін аталған салада мемлекеттік қолдау жүйесін жетілдіруді, шаруаларды жеңілдетілген қаржымен және субсидиямен қамтамасыз етуді, егіс алқап-тарын әртараптандыруды және ауыл шаруашылығы ғылымын дамытуға бағытталған құрылымдық әрі институционалдық реформалар жүргізу қажеттігін атап өткені мәлім.

Міне, бұл орайда, Абай облысы бойынша экономикамыздың көтеріліп, халықтың әл-ауқатын жақсартудың негізгі тетігі ауылды, ауыл шаруашылығы саласын түбегейлі дамытуда жатыр. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуді де кеңінен жолға қойсақ, бағасы қолжетімді болатыны анық.

Абай облысы еліміздегі өсімдік және мал шаруашылығы дамыған аграрлық аймақтардың бірі саналады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей - «Ауыл шаруашылығы - біздің негізгі ресурсымыз». Сондықтан, бұл саланы дамытпай, бәсекеге қабілетті экономика құру мүмкін емес екені сөзсіз. Халықтың әлеуметтік жағдайы ауыл шаруашылығымен тығыз байланысты. Аграрлық саланы дамыту біздің басты бағыттарымыздың бірі,

сол себепті жоспарлы түрде жұмыс жасалуда. Өңірдегі барлық шаруашылықтарға, оның ішінде отандық тауарөндірушілерге тұрақты түрде мемлекеттік қолдау көрсетіліп келеді. Мәселен, қазіргі таңда аймағымызда ауыл кәсіпкерлеріне арналған «Ауыл аманаты» жобасы да жыл басынан бері ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдауға, ауыл тұрғындарын аграрлық бизнеске тартуға, азық-түлік қауіпсіздігіне және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталып, оң нәтиже беріп келеді. Аталмыш бағдарлама аясында 264 шағын несие үшін 1 056,0 млн теңге қарастырылған.

Абай облысында мал шаруашылығын дамыту күн тәртібіндегі мәселе. Бүгінде өңірде 39 мал бордақылау алаңы, үш шұжық цехы, 11 мыңға жуық ірілі-кішілі агроқұрылымдар жұмыс істейді. Облыста өңір халқының қажеттіліктерін азық-түлікпен қамтамасыз ету мақсатында агроөнеркәсіптік кешеннің барлық салаларын одан әрі дамыту және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу көлемін мейлінше ұлғайту жөніндегі нақты іс-шаралар жүзеге асырылады.

Бір айта кетер жайт, 2024-2026 жылдары облыста ет комбинаттары салу жобалары басталды. Мәселен, Семей қаласының аумағында жылдық қуаты 12 600 тонна бо-

латын «Еуразия Агро Семей» ЖШС ет комбинатын салу жоспарлануда. Жобаға сәйкес құрылыс жұмыстары 2026 жылы аяқталып, пайдалануға беріледі.Сондай-ақ ағымдағы жылы жылдық қуаты 600 тонна болатын «Ықылас Инвест» ЖШС ет-консерві зауытының ашылуы жоспарланып отыр.

Биылғы жылға арналған жобалардың әлеуетті пулын қалыптастыру шеңберінде облысымыздағы ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін анықтау үшін жалпы саны 327 елді мекенде 135 ауылдық округ бойынша 8 ауданда сауалнамаларға сәйкес скрининг жүргізілген болатын. Соның нәтижесінде осы жылы скрининг қорытындысы бойынша несиелеуге облыс аудандарының барлық ауылдық округтері тартылды. Осылайша ағымдағы жылға 1 320 млн теңге бөлінді. 538 жаңа жұмыс орнын құру және атаулы әлеуметтік көмек алатын он адамға несие беру ісі жыл басында қарастырылған болатын. Барлығы 264 несие беріліп, оның ішінде, мал шаруашылығы саласында 132 несие; өсімдік шаруашылығы саласында 106 несие; ауыл шаруашылығы емес бизнеске 26 несие қарастырылды. Алдағы уақыттарда оның көлемі өседі деп болжануда. Ол келергі 2025 жылдың еншісінде тұр.

РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН

ТӘРТІПТІК ЖАЗА ҚОЛДАНУДЫҢ ТӘЖІРИБЕСІНЕ ТАЛДАУ ЖҮРГІЗІЛДІ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Абай облысы бойынша департаменті 2024 жылдың 2-тоқсанында Абай облысының мемлекеттік органдарымен мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге тәртіптік жаза қолданудың тәжірибесіне талдау жүргізілді.

Аталған мерзімде облыстың мемлекеттік органдарының жалпы саны 106 мемлекеттік әкімшілік қызметшісі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

Талдау жүргізу барысында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №152 Жарлығымен бекітілген «Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану туралы» Қағидалары (бұдан әрі - Қағида) талаптарының бұзылуына жол берілгендігі анықталды.

Қағидадың 27-тармағына сәйкес, алып тасталмаған ескерту, сөгіс немесе қатаң сөгіс түрінде қолданылған жаза болған кезде мемлекеттік әкімшілік қызметші жасаған теріс қылық елеулі теріс қылық болып табылады, ол үшін қызметшіге қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту немесе лауазымын төмендету түріндегі жаза қолданылады деп көрсетілген.

Талдау барысында Аяғөз ауданының экономика және қаржы бөлімі Қағидадың аталған талаптары өрескел бұзылғанын анықтады.

Мысалы, аталған бөлім басшысының 06.03.2024 ж. №15 бұйрығымен осы бөлімнің бас маманына «ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.

Сонымен қатар, аталған бас маманда «Ескерту» түріндегі алынбаған тәртіптік жазасы бола тұра, Бөлім басшысының 02.04.2024ж. №113 бұйрығымен оған «сөгіс» түріндегі тәртіптік жаза қолданылып, Қағида талаптарының бұзылуына жол берілген.

Бұл орайда, Қағидадың талаптарына сәйкес алып тасталмаған ескерту түріндегі жазаның болуына байланысты бұл бас маманға «қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту» немесе «лауазымын төмендету» түрін-

дегі тәртіптік жазалар қолданылуы тиіс болған.

Бөлім басшысының «сөгіс» беру туралы 02.04.2024ж. №113 бұйрығы заңсыз шығарылуына байланысты оны жою жөнінде ұсыныс жолданған.

Сондай-ақ, Қағиданың 35-тармағына сәйкес, егер мемлекеттік әкімшілік қызметші өзінің жазбаша түсініктемесінде теріс қылық жасау фактісімен келіспесе, онда осы Қағидада айқындалған тәртіпке сәйкес қызметтік тергеп-тексеру жүргізілуі тиіс.

Аяғөз ауданының экономика және қаржы бөлімінің бас маманы өзіне қатысты көрсетілген теріс қылық жасау фактісін мойындамау түріндегі түсініктеме берген.

Алайда, бас маман теріс қылық жасау фактісімен келіспегеніне қарамастан және тергеп-тексеру жүргізілместен Бөлім басшысының 09.04.2024 ж. №32 бұйрығымен заңсыз «сөгіс» түрінде тәртіптік жазасы қолданылған.

Бұл ретте, Бөлім басшысының «сөгіс» беру туралы 09.04.2024 ж. №32 бұйрықтың заңсыз шығарылуына байланысты оны жою жөнінде ұсыныс жолданған.

Жүргізілген талдаудың нәтижесінде әкімшілік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану барысында орын алған заң бұзушылықтар жойылып, мемлекеттік қызметшілердің конституциялық құқықтары қалпына келтірілді.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Абай облысы бойынша департаментімен аталған бағыттағы жұмыстар тұрақты негізде жүргізіліп отырылады.

Д. ЕКИБАЕВ, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Абай облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Қазгидрогеология» ЖШС 2024 жылға арналған Абай облысының Жаңасемей ауданы әкімшілік бағынысты аумақта орналасқан Мұқыр ұчаскінде құм-қиыршық тас қоспасын барлау жоспарына «қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша бірыңғай экологиялық <https://ecportal.kz> порталында 07.10.2024 ж. бастап 5 жұмыс күні ішінде қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарланды.

Ескерту: Материалдармен <https://ecportal.kz> бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады. Ескертулер мен ұсыныстар сітіме бойынша: <https://ecportal.kz> Семей қаласы, Тұрлыханов даңғылы, 30, «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: 8 (7222) 35 45 35, e-mail: prirodnyye_resursy_obl.abay@mail.ru қабылданады.

Қосымша ақпарат алу үшін «ЦентрГеоКонсалтинг» ЖШС - info@algeoritm.kz, тел.+7 (747) 606 63 76 хабарласуға болады.